

№1 Әдістемелік кеңес

Өтілу мерзімі: 10.09.2024 ж

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібінде:

1. Перспективалық жоспарын талқылау- әдіскер
-Циклограмманы талқылау
2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау –
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Адылбекова А.А перспективалық жоспарды талқылау сұрағы бойынша сөз алды. Әдіскер перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әзірленгендігін, бағдарламаға сай кіші, ортаңғы, ересек топтарына оқу жылына перспективалық жоспар құрылғандығы туралы айтылды. Мысал ретінде топ перспективаларын ашып көрсетілді. Жалпы перспективалық жоспарға әр іс әрекетке үштен көп міндет алу қажет екендігі және міндеттер оқу жылы барысында қайталанса болатындығы айтылды. Циклограмма бойынша 2022 жылғы нұсқаухатта берілген үлгі бойынша, режимдік сәттер толықтар 5 күнге бөлініп жазылу қажет екендігі ескертіліп айтылды, және іс-әрекеттер міндетті түрде кіріктіріліп қамтылу қажет екені сөз етілді. Циклограмманың құрылымы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына нұсқаулықты негізге ала отырып ұйымдастыру қажет екендігі айтылды. Ол нұсқаулықта педагогтың режим бойынша атқарылаты қызметі мен заттық дамытушы ортаны құрумен оны қызығушылық орталықтарына баулу қажет екендігі туралы айтылды. Циклограммада күннің барлық режимдік сәті енгізілгені және дербес ойындар мен еркін ойындар жас ерекшеліктеріне қарай ұйымдастырылғаны туралы айтылды. Дағдыларды қалыптастыру мақсатында әр бір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеті немесе мақсаты, тақырыбы бар болса тақырыбы және іс-әрекеттің барысы жазылу қажет екендігі айтылып өтілді.

2 мәселе бойынша балабақша әдіскері Адылбекова А.А Балаларға арналған қауіпсіздік шараларының мазмұны мен түрлерін қарастырып, Тақырыптық жоспардың әрбір кезеңін талдап, Әрекеттердің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуін қамтамасыз етілгені туралы айтылып өтті.

Сөз берілді: Тәрбиешілер балаларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіруде тақырыптық жоспарларды жетілдіру қажеттігін айтты. Тәрбиешілер қауіпсіздік бойынша оқу материалдарын ойын және практикалық әдістер арқылы өткізу маңызды екенін атап өтті. Өрт кезіндегі әрекет ету, жол

ережелерін сақтау, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас және алғашқы медициналық көмек көрсету сияқты маңызды тақырыптар бойынша балаларға түсінікті ойындар мен жаттығулар әзірленгенін айты.

Әдіскер Адылбекова А.А Қауіпсіздік мәселелерін оқу-тәрбие іс-әрекеттеріне кіріктіру арқылы балаларға ережелерді жеңіл әрі қызықты түрде жеткізу қажет екені айтылды. Қазіргі уақытта қолданылатын жоспарлар кейде тек теориялық мәліметтерге негізделеді, ал практикалық тәжірибелердің саны жеткіліксіз делінді. Қауіпсіздікке арналған тақырыптық жоспарларға интерактивті тәсілдерді (рөлдік ойындар, драмаландыру, практикалық жаттығулар) көбірек енгізу ұсынылды.

Қаулы: -Перспективалық жоспар бағдарлама негізінде жасалып, циклограмма іс-әрекеті перспективалық жоспар міндетері негізінде құрылсын.

- Қауіпсіздікке арналған тақырыптық жоспарларға интерактивті тәсілдерді (рөлдік ойындар, драмаландыру, практикалық жаттығулар) көбірек енгізу

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Хатшы:

